

2024-2025 оқу жылының №1 әдістемелік сағаттың хаттамасы

Тақырыбы: Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі білім беру

Өткізілген күні: 27.09.2024 жыл

Қатысқан: 9 педагог

Қатыспаған: 1 педагог (денсаулығына байланысты демалыста)

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:

- перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;
- өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;
- портфолио жинақтау;

Әдіскер: Нурмухамметова У. Г

2. Өзара ҰІӨ-ге қатынасу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторларының бірі.

Әдіскер: Нурмухамметова У. Г

3. Жаңадан келген балалардың бейімделуі

Кіші топ тәрбиешілері

4. Ата-аналармен жұмыс

Әдіскер: Нурмухамметова У

6. Ағымдағы мәселелер

Бірінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері Нурмухамметова У. Г Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындық бойынша қорытынды жасалды, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг құжаттарының тапсырылуы бойынша анықтама жасалды, топтардағы құжаттарды дұрыс толтыруға бірнеше кеңестер берілді. Әр педагогтің өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспары талқыланды, әр педагог өздері тақырыптары бойынша жоспарлы жұмыс жасауды тапсырды. Тестілеуден өткен педагогтер мен күзгі аттестацияға баратын педагогтерге портфолио жинақтау тапсырылды. Педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары бойынша бірнеше кеңестер ұсынылды.

Екінші сұрақ бойынша өзара ҰІӨ-ге қатынасу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторларының бірі тақырыбында педагогтың кәсіби өсуін тиімді ету үшін бірнеше кеңестер берілді. Өзара Тәжірибе алмасу үшін семинарлар мен тренингтер, коучинг және менторинг, ұжымдық іс-әрекет, өзіндік даму, әлеуметтік желілерде әріптестермен байланыста болу.

Үшінші сұрақ бойынша бөбекжай директор кіші топ тәрбиешілерінен балалардың балабақшаға бейімделуіне байланысты есеп алды, балаларды балабақшаға тез бейімдеу үшін бірнеше ұсыныстар мен кеңестер берді.

Төртінші мәселе бойынша ата-аналармен жиналыстарды уақытында және дәстүрден тыс форматтарда өткізіп отыруды тапсырды.

Шешімдер:

1. 2024-2025 оқу жылы цифрлық технологияларды басшылыққа алып жұмыс жасау тапсырылсын

Мерзімі: жыл бойы.

2. Өзіндік білімін көтеру тақырыптарының жоспарын жүйелеу, өзара тәжірибе алмасу

Мерзімі: үнемі

3. 2024-2025 оқу жылы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру үшін үнемі білім беру процесіне ата-аналарды қатыстырып отырсын.

Мерзімі: үнемі.

Жауапты: әдіскер, барлық топ тәрбиешілері.

Төрайымы:

Хатшы:



Нурмухамметова

Қарасаева А